

А.М. АТЕНОВА,¹

Ә.Ғ.К., доцент.

А.К. АЛПЫСБАЕВА,²

Ә.Ғ.К., доцент м.а.

С.С. ТЛЕУБЕРДИЕВА,²

Ә.Ғ.К.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті.¹

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университеті²

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН САЛАЛАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Андатпа

Мақалада Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешендер салаларының экономикалық тиімділігін арттыру жолдарық арасырылады. Ауыл шаруашылығы экономиканың негізгі салаларының бірі. Аграрлық сектордың даму деңгейі Қазақстанның экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығының айқындаушы факторы болып табылады. Қазақстан аграрлық шикізатты (астық және басқа да азық-түлік өнімдері) өндіруші әлемнің негізгі жиырма бес елінің қатарына алына отырып талдау жасалған. Қазақстан дәнді дақылдар мен картоп отырғызу алқаптары бойынша негізгі ауыл шаруашылығы шикізатын өндіруші елдердің бірінші ондығына кіреді. Сарапшылардың бағалауы бойынша мемлекет ресурстары халық тұтынатын азық-түлікке қарағанда үш есе көп азық-түлік өндіруге мүмкіндік береді. Республика экономикасын дамытудың басым бағыттарының бірі бола отырып, ауыл шаруашылығы зор әлеует пен ірі қорға ие. Мақалада Қазақстанның көптеген дақылдарды өсіруге, сондай-ақ мал шаруашылығын дамытуға ыңғайлы әр алуан климаттық жағдайлары қарастырылған. Қорытындылай келе, мақалада агроөнеркәсіптік кешеннің маңызды байланыстырушы буыны ауыл шаруашылығы екенін ескеруге болады. Ауыл шаруашылығы – халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету және өнеркәсіпке шикізат алу үшін бағытталған шаруашылық саласы. Ол тек агроөнеркәсіптік кешенде ғана емес, сондай-ақ елдің барлық халық шаруашылығында ерекше орын алады.

Негізгі сөздер: агроөнеркәсіп кешені, ауыл шаруашылық саласы, субсидия, мемлекеттік саясат, әлеует, қорлар.

Бүгінгі таңда отандық ауыл шаруашылық саласының, соның ішінде агроөндірістің жағдайы және болашақтағы дамуына байланысты еліміздің әлемдік нарықтағы алатын орнын анықтау өзекті де күрделі экономикалық мәселеге жатады. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық саласы егемендік алғалы үлкен кезеңді бастан өткізді: барлық күш жігерді жұмсау арқылы өнім алуға бағытталғаннан, нарық экономикасындағы ең тиімді өндіріске дейін. Бүгінгі таңда еліміз өзімізге қажетті азық-түліктің 80 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Бұл көрсеткіш 2016 жылы 20,7 млн тонна, бұл сыртқы нарыққа 9 млн тонна астықты экспортқа шығаруға мүмкіндік береді. Өндірілген астық тұрақты да жоғары сапасымен ерекшеленеді.

Ауыл шаруашылығы саласында инвестицияның өте аздығының теріс әсерлері:

- ◆ саланың техникамен жабдықталуы төмендігі (ауыл шаруашылық техникалық паркінің 80% тозығы жеткен);
- ◆ егіншіліктің интенсификация деңгейінің жеткіліксіздігі;
- ◆ ауылшаруашылық малдарының генетикалық әлеуеті деңгейінің төмендігі (асыл тұқымды ірі қара малдардың жалпы сандағы үлесі 8%, ал мал шаруашылығы дамыған мемлекеттерде бұл көрсеткіш 40–50% шамасында);
- ◆ ауылшаруашылық малдарының өнімділігінің аздығы (бүгінгі таңда етке союға жіберілетін ірі қара малдардың тірідей салмағы 310 кг, ал әлемдегі стандарт бойынша 500–520 кг [1]).

Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі жоғарыда көрсетілген экономикалық мәселелерді шешу үшін 2014 жылдың ақпан айында «Агробизнес–2020» бағдарламасы қабылданды, мұнда

мемлекеттік қолдаудың жаңа инструменттері қарастырылған: инвестициялық субсидия түрі, займдарға кепілдік беру және сақтандыру, несие және лизинг бойынша ставка пайыздарын субсидиялау, ЕДБ қаржыландыру, сонымен қатар өсімдік шаруашылығында міндетті сақтандыру механизмін жетілдіру шараларын және мал шаруашылығында сақтандыруды енгізу. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласында қазіргі кезде қолданылып жүрген мемлекеттік қолдаудың механизмдерін жетілдіру көзделген.

Ауыл шаруашылығы саласында субсидиялаудың механизмдері.

1. Өсімдік шаруашылығында:

♦ ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруде тамшылап суғаруды қолданғанда субсидиялаудың нормативін дифференциалау;

♦ бақтар мен жүзімдіктер алқабын жасауда тамшылап суғару жүйесін қолданудағы шығындарын субсидиялау, осының нәтижесінде елімізде 2015 жылы тамшылап суғару жүйесінің ауданы 31,9 мың га жетті, бұл 2010 жылдың (713 га) деңгейімен салыстырғанда 45 есе көп.

2. Мал шаруашылығында:

♦ субсидиялау 1 аналық басына 4500 теңге, шаруа қожалықтары мен фермерлерге жетіспейтін жемшөпті алуға мүмкіндік берді, себебі барлығы қажетті жемшөпті өздері өндіруге мүмкіндігі жоқ. Аталған шаралар еліміз бойынша ірі қара малдардың жалпы санының өсуіне алып келді. Селекция және мал тұқымдарын асылдандыру жұмыстарына 2016 жылы аталған механизм қой шаруашылығына енгізілді: әр бас аналыққа 1500 теңгеден берілді. Ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдаудың жаңа механизмі енгізілуде. Төлем қабілеттілігін жақсарту мақсатында, кредиттік күштерді төмендету және ауыл шаруашылық құрылымдарының банкротқа ұшырауын азайту келесі жолдар арқылы көзделген: қайта қаржыландыру, қайта құру, сондай-ақ берешегі бар АӨК субъектілерін қаржыландыру. АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру мақсатында бағдарламамен қарастырылған 300 млрд тг [2].


Мал шаруашылығы – Қарағанды облысы экономикасының негізгі салаларының бірі болып табылатын агроөнеркәсіп секторының ең әлеуетті бағыты. Бұл аймақтағы ауқымды жайылым жерлер мен қолайлы табиғи-климаттық жағдайлар аталған саланың ойдағыдай дамуына айтарлықтай септігін тигізуде. 2016 жылы облыста 130,4 мың тонна (2,6%) – ет, 430,1 мың тонна (6,6%) – сүт, 622,4 млн дана жұмыртқа өндірілді. 2016 жылы ірі қара саны 3,3% көбейіп, 488,1 мыңға, жылқы малы 4,5% көбейіп, 256,3 мыңға жетті. Сондай-ақ, 2016 жылы қой-ешкі – 1014,6 мыңды, шошқа – 81,2 мыңды, түйе – 1,4 мыңды, құс – 3262,2 мыңды құраады. Осы мал шаруашылығын дамытудың бірден-бір көзі болып асыл тұқымды мал басын көбейту болып табылады. 2016 жылы 101 шаруашылық 15 мың (3%) асыл тұқымды ірі қара малын өсіріп отыр. Сонымен қатар, 10 шаруашылық – 37,5 мың (4,3%) асыл тұқымды қой, 8 шаруашылық – 4 мың (1,7%) асыл тұқымды жылқы, 3 шаруашылық – 25,2 бас (29%) асыл тұқымды шошқа өсірумен айналысады.

2017 жылы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласын ғылыми түрде әлемдік инновациялық жетістіктерді қолдану арқылы жетілдіру уақыт талабын және оның маңыздылығы арттыра береді. Ауыл шаруашылық дақылдарын терең өңдеу арқылы сапалы азық-түлік тағамдарын даярлауға қол жеткіземіз және олардың бәсекеге қабілеттігін арттыра аламыз.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері байқатқандай, еліміздің 14 облысында агроөндіріс саласы жақсы дамыған және елімізді азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз жасауда өзіндік орны бар және дамытудың маңызы зор. Себебі еліміздің ауыл шаруашылық зоналарында агроөндірісті дамытуға қажетті егістік жерлер және оған қажетті су ресурстарының көздері мен инновациялық технологияны енгізу мен инвестицияны тартуға зор мүмкіншіліктер бар.

Қазақстанның агроөнеркәсіп өндірісін дамытуға бағытталған ұсыныстарды қарастырып көрейік.

Жалпы аграрлық секторда саясатты қалыптастыру ұлттық стратегиялық жоспарлаудың маңызды шарты болып табылады. Бүгінгі таңда АӨК дамуын реттеу және қолдау бағытында жүргізілетін мемлекеттік саясат төмендегі сызбада келтірілген сипатта жүзеге асырылады (сурет 1, б. 58) [3].



Сурет 1 – Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіпті реттеу және дамыту бағытындағы мемлекеттік саясаттың сипаты

Бүгінгі таңда, елдің агроөнеркәсіптік кешенінде жүзеге асырылып жатқан негізгі бағдарлама «Агробизнес–2020» бағдарламасы болып табылады. Бағдарламаның басты мақсаты – елдің агроөнеркәсіптік кешенінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасау. Бұл бағдарлама 2000-шы жылдардан бері қабылданып келе жатқан бағдарламалар саясаттарының бағытын жалғастырушы болып келеді [4]. Аталған бағдарламаға сәйкес ауыл шаруашылығын дамыту бағыттары:

- ♦ өсімдік шаруашылығында – диверсификация және озық технологияларға, жерлерді рационалды қолдануға өту, қордағы 6,8 млн гектар жерлерді айналымға тарту, 60 мың гектар суармалы жерлерді қайта қалпына келтіру негізінде өндіріс көлемдерін арттыру;

- ♦ мал шаруашылығында – ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін жоғарлату және ет шаруашылықтарының дамуын ынталандыру. Мал шаруашылығының дәстүрлі салаларын дамыту үшін мал азығын өндіруді дамыту бойынша және азып кеткен жайылымдық жерлердің қайта қалпына келтірілуі мен суландырылуы бойынша шаралар қабылданады. 20 млн га жайылымдарды суландыру жоспарлануда;

- ♦ өнімді өңдеу саласында – техникалық және технологиялық қайта жабдықтау, өнім сапасының халықаралық стандарттарына өту, тауарлар түрлілігін кеңейту, экономикалық одақ бойынша басты сауда серіктестерімен бәсекелестік үшін тең жағдай жасау. Бұл тұрғыда сүт өнімдерінің өндірісін, қант қызылшасынан қантты өндіруге субсидиялаудың көлемін екі есе арттыру жоспарланып отыр.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан шаралардың тағы бір ерекшелігі – ауыл шаруашылықтық өнімдердің өңделу кәсіпорындарын қолдаудағы маңызды шаралар. Себебі, осы салалардың дамуының төмен деңгейі жалпы агроөнеркәсіптік кешеннің тежеуші ретінде қарас-

тырылады. Жоғарыда аталған бағдарламалар мен жеңілдетілген несиелерге (техникалар мен құрал-жабдықтардың жеңілдетілген несиесіне) ауыл шаруашылықтық өнім өндірісінің кәсіпорындары да талаптануы мүмкін. Өңдеуші кәсіпорындарды қолдаудың басқа түрі бұл өңдеуші кәсіпорындардың құрылысы және астық секторының инфрақұрылымын дамыту бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін несиелерді субсидиялау болып табылады.

Ауыл шаруашылықтық негізгі дақылдарды жинау 2017 жылы дәнді (күрішті қоспағанда) және бұршақты дақылдардың өнімділігі 11,7 ц/га-ны, ал бидай өнімділігі 10,9 ц/га-ны құрады. Бұл көрсеткіштер дамыған елдермен салыстырғанда бірнеше есе төмен. Осылайша, бидайдың өнімділігі Ресейде – 25 ц/га-ны құрайды, Украинада – 37 ц/га, АҚШ-та бұл көрсеткіш 29 ц/га, Канадада – 31 ц/га, Қытайда – 53 ц/га-ға тең. Сондай-ақ, басқа дақылдар, соның ішінде күріш өнімділігі бойынша да еліміздегі көрсеткіштер басқа мемлекеттердегі өнімділік деңгейінен әлдеқайда төмен. Мысалы, күріш өнімділігінің қазақстандық көрсеткіші 26 ц/га болса, ресейлік, қытайлық және украиндық көрсеткіштер сәйкесінше 34, 46 және 40 ц/га-ға тең болды [5].

Астықтың сапасы мен оның өнімділігіне көптеген факторлар әсер етуі мүмкін. Мысалы, климаттық өзгерістер, себілетін тұқымдар сапасының нашарлауы, егін егу барысында сұрыпталмаған тұқымдардың артуы, топырақ құнарлығының төмендеуі және арам шөп, зиянкестердің таралуы. Сонымен қатар, егін отырғызу мен жинау жұмыстары барысында шаруалардың жеткілікті деңгейде материалдық-техникалық қамсыздандырылмауына байланысты өндірілетін өнімнің көлемі мен оның тиімділігі төмендейді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, елдегі ауыл шаруашылықтық техника паркінің тозуының деңгейі 80%-ды құрайды. Техниканың тозуы мен оның тапшылығы егіндік жұмыстардың созылуына, жұмыстардың уақытылы жүргізілмеуіне және соның салдарынан жоғары шығындарға, өнім түсімінің азаюына алып келеді. Сонымен бірге, қажетті озық технологиялардың жоқтығы мен жетіспеушілігі салдарынан ауыл шаруашылықтық өндірушілер жеңілдетілген технологияларды қолдануға мәжбүр. Осының барлығы өсімдік шаруашылығының, жалпы ауыл шаруашылығының тиімді дамуын тежеуші факторлар болып табылады.

Дамушы мемлекеттер үшін мемлекеттік қолдаудың ДСҰ-мен ұсынылатын деңгейі саланың жалпы өнімінің 10%-нан аспауы тиіс. Саланы мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіз деңгейі ауыл шаруашылықтық кәсіпорындардың қызметінің тиімділігіне, олардың бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді [6].

Мемлекеттік қолдау қаражаттарының көлемімен қатар, қолдаудың құрылымы мен бағыттылығы маңызды болып табылады.

Яғни, мемлекет тарапынан көрсетілетін көмекті тек ауыл шаруашылықтық кәсіпорындарға тікелей бағыттап қана қою емес, сонымен қатар қаражаттардың әртараптандырылуы, демек мелиорациялық құрылыстарды дамытуға, саладағы түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстарына, ауыл шаруашылықтық зиян суреттермен күресу және т.б. бағыттарға жөнелту маңызды болып келеді.

Елімізде ауыл шаруашылықтық кәсіпорындарды қолдау бойынша түрлі шаралар жүзеге асырылады, бірақ көрсетілетін көмектің көлемі, бағыттары және қаражаттарды игеру туралы айқын ақпараттың жоқтың қасы.

Аграрлық ғылымды қолдау мәселесіне тоқталатын болсақ, агроөнеркәсіптік кешен саласында қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі жылына 3 млрд жоғары теңгені құрайды. Ауыл шаруашылығы саласында квазимемлекеттік болып табылатын «ҚазАгро» холдингінің салалық еншілес компаниясы «ҚазАгроИнновация» АҚ 1,3 мыңнан астам адам жұмыс істейді, олардың 60%-ы ғылыми дәрежелері бар мамандар. Айтарлықтай материалды-техникалық база – 280 мыңнан астам гектар жер, көлемі 900 мың шаршы метрді құрайтын ғимараттар мен құрылыстар, 3 мыңға жуық ауыл шаруашылықтық техника мен басқа да активтер.

Дегенмен, бүгінгі таңда, қазақстандық аграрлық ғылымның, соның ішінде «ҚазАгроИнновация» АҚ құрылымы әлемнің озық тәжірибелеріне сәйкес келмейді және қаржыландырудың жеткіліксіз көлемімен, ғалымдар еңбегінің нәтижелілігін арттыруға ынтыландырудың жоқтығымен, ескірген ғылыми-техникалық инфрақұрылыммен, шетелдік озық заманауи технологиялардың трансфертінің дамымағандығымен, инновациялар төмен енгізілуі және оларды нашар қаржыландыру жағдайларымен сипатталады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жаңа Әлемдегі Жаңа Қазақстан. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауы. – Астана, 2015.
- 2 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы. – Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңы.
- 3 Ибраева Г.Ә. Агроөнеркәсіп өндірісінің тиімділігін арттыру жолдары (Қызылорда облысының мәліметтері негізінде): экон. ғыл. канд. ... авторефераты. – Қызылорда, 2012. – 20 б.
- 4 www.stat.gov.kz. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің сайты.
- 5 www.kazagro.kz. ҚазАгро Ұлттық Басқарма Холдингінің ресми парақшасы.
- 6 adilet.zan.kz. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

Аннотация

В статье рассмотрены основные пути совершенствования экономической эффективности сфер агропромышленного комплекса Республики Казахстан. Сельское хозяйство является одной из ключевых отраслей экономики Казахстана. Уровень развития аграрного сектора всегда выступал и продолжает выступать определяющим фактором экономической и общественно-политической стабильности Казахстана. Казахстан входит в число двадцати пяти стран мира – основных производителей аграрного сырья (зерна и некоторых других продовольственных продуктов). Казахстан по площади сельскохозяйственных угодий, посевам зерновых культур и картофеля входит в первую десятку основных производителей сельскохозяйственного сырья. По оценкам экспертов, ресурсы республики позволяют производить в три раза больше продовольствия, чем потребляет его население. Являясь одним из приоритетных направлений развития экономики республики, сельское хозяйство располагает огромным потенциалом и большими резервами. В статье рассмотрены разнообразные климатические условия Казахстана, позволяющие выращивать большинство культур умеренного теплового пояса, а также развивать животноводство. Делая выводы, можно отметить, что в статье важнейшим связующим звеном агропромышленного комплекса является сельское хозяйство. Сельское хозяйство – отрасль хозяйства, направленная на обеспечение населения продовольствием и получение сырья для ряда отраслей промышленности. Оно занимает особое место не только в агропромышленном комплексе, но и во всем народном хозяйстве страны.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, сельское хозяйство, субсидия, государственная политика, потенциал, резервы.

Abstract

The article describes the main ways of improving the economic efficiency of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan. Agriculture is one of the key sectors of the economy of Kazakhstan. The level of development of the agricultural sector has always advocated and continues to advocate a determining factor in the economic and socio – political stability in Kazakhstan. Kazakhstan is among the twenty five countries, the main producers of agricultural raw materials (grains and other food products). Kazakhstan is among the top ten major on agricultural land, crops of cereals and potatoes manufacturers of agricultural raw materials. According to experts of the republic's resources can produce 3 times more food than its population consumes. Being one of the priority directions of development of the republic's economy, agriculture has a huge potential and large reserve. The article deals with a variety of climatic conditions of Kazakhstan that allow to grow almost most cultures in moderate thermal zone, as well as to develop animal husbandry. Drawing conclusions, it should be noted that in the article the most important connecting link of agribusiness is agriculture. Agriculture is an industry sector, aimed at providing the population with food and obtaining raw materials for a number of industries. It holds a special place not only in agriculture, but also in the entire economy of the country.

Key words: agro-industrial complex, agriculture, subsidy, public policy, potential, resources.